

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОО-НЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ТРАНСЛИНГВАЛДЫ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ: ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНУ

Сағира ОДАНОВА*
Әділ ӘБСАТТАР****

Аннотация: Мақала техникалық ЖОО-ның студенттеріне қазақ тілін транслингвалды әдіс арқылы оқытудың теориялық және практикалық негіздерін зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты транслингвалды тәсілдің қазақ тілін үйретудегі тиімділігін анықтап, оны техникалық ЖОО студенттеріне оқытуда қолдану жолдарын ұсынуды көздейді және мақалада транслингвалды тәсілдің лингводидактикалық негіздерін талдау, қазақ тілін оқытуда транслингвалды әдістің рөлін айқындау, түркімен студенттерге қазақ тілін меңгертуде осы әдісті қолдану ерекшеліктерін анықтау, транслингвалды әдістемеге негізделген оқу тапсырмалары мен жаттығулар үлгілерін ұсыну сияқты міндеттері шешілген. Зерттеуде теориялық талдау, салыстырмалы-сипаттамалық әдіс, педагогикалық эксперимент, эмпирикалық бақылау және практикалық оқу тәжірибелерін жинақтау әдістері қолданылған. Зерттеудің теориялық маңыздылығы – транслингвалды әдіс негізінде қазақ тілін оқыту жүйесіне қатысты ғылыми-әдістемелік тұжырымдамалардың кеңеюіне ықпал ету болса, ал практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелері қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда жаңа әдістемелік тәсілдерді жетілдіруге, транслингвалды тәсіл негізінде оқу материалдарын әзірлеуге және техникалық мамандықтардағы студенттердің қазақ тілін меңгеруін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Мақала шетелдік студенттерге қазақ тілін транслингвалды әдіс арқылы оқыту бойынша жаңа бағыттарды ұсынуымен өзекті және жаңашыл сипатқа ие.

Тірек сөздер: *транслингвалды тәсіл, лингводидактика, қазақ тілін оқыту, әдістемелік инновация, түркімен студенттері.*

Teaching the Kazakh Language to Students of Technical Universities Through a Translingual Approach: Modern Methodology and Practical Application

Abstract: This article examines the theoretical and practical foundations of teaching the Kazakh language to students of technical universities using the translanguaging method. The study aims to determine the effectiveness of the translanguaging approach in Kazakh language teaching and propose ways to implement it for technical university students. The article addresses the following objectives: analyzing the linguistic-didactic foundations of the translanguaging approach, defining its role in Kazakh language teaching, identifying the specific features of its application for Turkmen students learning Kazakh, and developing educational tasks and exercises based on the translanguaging methodology. The research employs theoretical analysis, comparative-descriptive methods, pedagogical experiments, empirical observation, and the collection of practical teaching experiences. The theoretical significance of the study lies in expanding scientific and methodological concepts related to the system of teaching the Kazakh language through the translanguaging approach. The practical significance is that the research results contribute to improving new methodological approaches in teaching Kazakh as a foreign language, developing educational materials based on the translanguaging approach, and optimizing the process of Kazakh language acquisition for students in technical specialties. This article is relevant and innovative as it introduces new directions in teaching Kazakh to foreign students using the translanguaging method.

Key Words: *translanguaging approach, linguodidactics, Kazakh language teaching, methodological innovation, turkmen students.*

Кіріспе

XXI ғасырдың басы жаһандану үрдістерінің айқын көрініс табуымен, әлемнің бірыңғай экономикалық және ақпараттық жүйеге айналуымен, сондай-ақ транслокалдылық [1] пен трансұлттану [2] құбылыстарының күшеюімен ерекшеленеді. Осыған байланысты S. Vertoves атап өткендей, қазіргі жағдайда әлеуметтік-мәдени мінез-құлық үлгілері көбінесе адамның «ана» мәдениетінен гөрі, оның нақты бір сәтте тап болған ортасына тәуелді болып келеді. Бұл үрдісті желілік технологиялардың

* Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: [0000-0003-2939-7198](https://orcid.org/0000-0003-2939-7198) E-mail: sagira68@mail.ru

**** Философия докторы (PhD), Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ., <https://orcid.org/0000-0001-7187-5881> Email: absattar.adil@gmail.com

кеңінен енгізілуі одан әрі күшейтуде: ғаламтор кеңістігінде жеке тұлға өз қалауына сай кез келген әлеуметтік-мәдени ортада бола алады [3].

Аталған факторлар жаңа типтегі тұлғаны қалыптастыру қажеттілігін айқындады: түрлі этномәдени өкілдерімен өзара әрекеттесе алатын, әртүрлі тілдерде еркін қарым-қатынас жасауға қабілетті және дайын тұлға.

Қазіргі заманның әлеуметтік сұранысы жаңа әдістемелік шешімдерді талап етеді, бұл өз кезегінде шетел тілдерін оқытудың жаңа тәсілдерін іздеудің маңыздылығын арттырады. Бұл ретте қазіргі кезеңде басымдық жеке бір тілді оқытуға емес, көптілділік құзыреттеріне ие, мультикультуралық және мультиконфессиялық ортада табысты коммуникация орната алатын полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға берілуде.

Шетел тілдерін оқыту мен меңгеру үдерісін оңтайландыруға бағытталған ең қызықты әдістемелік жаңашылдықтардың бірі – **транслингвалды тәсіл**. Бұл бағыт салыстырмалы түрде жақында пайда болғанымен, қазірдің өзінде шетелдік және ресейлік педагог-ғалымдар мен әдіскерлер тарапынан белсенді түрде зерттелуде. Бүгінгі таңда ғылыми айналымға *транслингвизм*, *транслингвалды тәсіл*, *транслингвалды тұлға*, *транслингвалды дағдылар мен қабілеттер* сияқты ұғымдарды қамтитын тұтас терминологиялық микрожүйе енгізілді.

Қазіргі заманғы жетекші сөздіктерде бұл жаңа терминдердің мағынасы әлі толық бекітілмегенімен, олардың семантикалық құрылымын талдау негізінде бастапқы түсінік алуға болады. Атап айтқанда, «транслингвизм» және «транслингвалды» терминдері «би-/поли-/мультлингвизм», «би-/поли-/мультлингвалды» ұғымдарымен бір лексика-семантикалық топқа жатады. Бұл терминдер адамның меңгерген тілдері арасындағы байланыс пен қатынастарды сипаттайтын функционалды-семантикалық категория төңірегінде топтасқан.

«**Транс**» компоненті жаңа терминдердің ерекшелігін көрсетеді. Сөздіктерде бұл префикстің негізгі мағыналары **«арқылы, бойымен»** деген ұғымдарды білдіреді, яғни кеңістіктен өту немесе белгілі бір шектен шығу, белгілі бір нәрсенің арғы жағында орналасу деген мағыналарда қолданылады [4].

Бұл мағыналар *«транслингвизм»* және *«транслингвалды»* терминдерінің түсіндірмелерімен үйлеседі, олар соңғы жылдары отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан ұсынылуда. О. Garcia, С. Celic, К. Seltzer және басқа зерттеушілердің пікірінше, *транслингвизм* – ең алдымен, билингвтер мен полилингвтердің «тілдік практикасы» болып табылады [5; 6]. Бұл ретте зерттеу назарында нақты тілдік тәжірибе, дискурсивтік өзара әрекеттесу тәжірибесі тұр.

Осы көзқараспен Х. Chen-нің пікірі де сәйкес келеді: полилингвалды тұлғаның меңгерген тілдік бірліктерін қолдану тәсілдерін және бұл үдеріске ықпал ететін факторларды зерттеу маңызды [7, 30]. Осыған байланысты А. Pennycook транслингвалды тұлға қарым-қатынас барысында қолжетімді барлық тілдік, сөйлеу және коммуникативтік құралдар репертуарын пайдаланып, оларды *«бір-біріне еркін ауыстырып, кей жағдайда жеңілдетіп, кей жағдайда күрделендіріп»* қолданатынын атап өтеді [8]. Сонымен қатар, әртүрлі лингвомәдени жүйелер *«өзара әрекеттескенімен, бірігіп кетпейді және өздерінің "түсініксіздік құқығын" сақтайды»* [9, 28-б.].

S. Canagarajah еңбектерінде қарастырылып отырған құбылыстың тағы бір маңызды аспектісі көрсетілген, ол тілдерді оқыту теориясы мен практикасы үшін аса мәнді: *транстілділік* билингвтер мен полилингвтердің лингвомәдени идентификациясын жоғалтуын білдірмейді [10].

Зерттеушілер атап өткен сипаттамалар транслингвизмнің ерекшеліктерін айқындап, оны ұқсас ұғымдардан ажыратуға мүмкіндік береді. «Билингвизм» және «полилингвизм» терминдері тұлғаның екі немесе одан да көп лингвомәдени жүйелерді меңгергенін, түрлі лингвомәдениеттерге тән тілдік, сөйлеу және коммуникативтік

құралдарды игергенін білдіреді. Ал транслингвизм осы лингвомәдени жүйелер мен құралдардың өзара әрекеттесуіне, олардың адамның санасындағы динамикалық байланысына баса назар аударады.

Транслингвалды тұлғаның сапалық ерекшелігі ретінде билингвтер мен полилингвтердің әртүрлі лингвомәдениеттерге тән тілдік, сөйлеу құралдары мен стратегияларын қолдану қабілетін білдіреді. Бір жағынан, бұл құралдарды нормативті, дұрыс және коммуникативтік жағдаятқа сәйкес қолдануды қамтыса, екінші жағынан, әртүрлі тілдік тәжірибелердің ең тиімді элементтерін таңдап пайдалануды білдіреді.

М.О. Гузикова мен Д.С. Петрова транслингвизмді *«мультилингвал тұлғаның санасында әртүрлі тілдік кодтардың өзара әрекеттесуін түсіндірудегі жаңа серпіліс»* деп сипаттайды және оны *«тілдік жүйелердің өз алдына бөлек өмір сүретіндігі»* туралы бұрынғы түсініктерден ерекшелендіреді [11].

Осы тұрғыда О. García мен L. Wei қазіргі заманғы шетел тілдерін оқыту үлгілерінің көбінесе *«бір тілді екіншісінен ажырату қағидаты негізінде құрылатынын, бұл тілдер арасындағы шекаралардың қатаң белгіленетінін»* атап өтеді. Алайда, полилингвал тұлғаның когнитивтік жүйесінде барлық тілдік және коммуникативтік құралдарды біріктіретін *«интегративті семиотикалық жүйе»* қалыптасады, бұл өз кезегінде неғұрлым тиімді лингводидактикалық жүйелерді әзірлеуге мүмкіндік береді [6].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, транслингвалды тәсілдің қазіргі лингводидактикадағы әлеуетін айқындауға болады.

Біріншіден, бұл тәсіл тіл үйренушінің меңгерген және меңгеріп жатқан тілдерді белгілі бір жинақ немесе иерархия (ана тілі – шет тілі, бірінші – екінші – үшінші шет тілі және т.б.) ретінде емес, өзара әрекеттестікте және өзара ықпалдастықта қарастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, **транслингвалды тәсіл** әдістемеді жаңа дағдылар мен біліктер тобын зерттеудің қажеттілігін өзектендіреді. Бұл – кодаралық «жұмсақ» ауысуды қамтамасыз ететін дағдылар; дискурстық стратегияларды дұрыс қолдану, айтылымдардың тілдік безендірілуі және жалпы полилингвал тұлғаның сөйлеу мінез-құлқы сияқты біліктер. Полилингвал санасында оның коммуникативтік репертуарында бар тілдік құралдар арасында өзіндік бәсекелестік жүреді. Осыған байланысты әдістемелік жұмыстың маңызды аспектісі – тіл үйренушінің когнитивтік жүйесіндегі әртүрлі тілдік жүйелерге тән бірліктерді, категорияларды, ережелерді, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттерге жататын нормаларды үйлестіру және «жүйелеу» болып табылады.

Үшіншіден, **транслингвалды тәсіл** лингводидактикалық тәжірибеде мәдениеттер диалогы идеясын толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Л.П. Халыпина мен Е.В. Шостактың әділ тұжырымдауынша, мәдени-тілдік білім берудің дәстүрлі мақсаты – тілдер мен мәдениеттердің әртүрлілігін көрсету, тіл үйренушілерді осы тілдер мен мәдениеттермен таныстыру, басқа тілдер мен мәдениеттерге толерантты көзқарасты қалыптастыру болып саналды. Бүгінгі таңда бұл мақсат **«тіл үйренушілерді мәдени және тілдік көптүрлілікке қосу, оларды мәдениетаралық диалогқа ынталандыру»** бағытына қарай өзгеруде [12]. Бұл мақсатқа жету **транслингвалды тәсілді қазіргі лингводидактиканың әдіснамалық негізіне енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.**

Әрине, транслингвалды әдіске негізделген барлық идеялардың шетелдік азаматтарға қазақ тілін оқыту әдістемесі үшін мүлдем жаңа тәсіл деп қарастыру дұрыс болмас. Керісінше, шетелдік студенттерге қазақ тілін оқыту теориясы мен тәжірибесінде салыстырмалы сипаттау, лингводидактикалық интерпретация және тілдік жүйелерді (тіл үйренушінің ана тілі мен үйренетін – қазақ тілі) ұсыну дәстүрлері қалыптасқан. Қазақ

тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде ұлттық-бағдарлы оқыту мектептері, кейінірек – этнометодика мен мәдениаралық лингводидактика маңызды орынға ие болды.

Транслингвалды әдіс осы саладағы теориялық және практикалық зерттеулерді біріктіруге, оларды біртұтас жүйе ретінде қарастыруға, сондай-ақ лингвомәдени жүйелердің өзара әрекеттестігі мен ықпалдастығына әдістемелік тұрғыдан назар аударуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тілдік жүйелердің өзара әсерін тек жалпы тілдік деңгейде ғана емес, жеке тұлғалық деңгейде де қарастырады: шетелдік студенттердің қазақ тілін бірізді немесе қатар меңгеру процесінде туындайтын ерекшеліктерді зерттейді. Сонымен қатар, транслингвалды әдіс әртүрлі тілдік жүйелерді, құрылымдық элементтерді және құралдарды үйлестіру мәселелерін зерттеуге, билингвал және полилингвал студенттердің тілдік ресурстарын тиімді қолдану дағдыларын дамытуға, сондай-ақ қодаралық ауысу механизмдерін жетілдіруге жаңа перспективалар ашады.

Транслингвалды әдісті шетелдік студенттерге қазақ тілін оқытуда қолдану бағыттарын *түркімен студенттері* мысалында қарастырайық. Біздің пікірімізше, бұл санаттағы студенттер үшін қазақ тілін оқыту лингводидактикалық жүйесін жобалау барысында тілдік, сөйлеу және коммуникативтік материалды сипаттау мен ұсыну маңызды. Бұл ретте тек түркімен және қазақ тілдері арасындағы жүйелік айырмашылықтарды ескеріп қана қоймай, сонымен қатар олардың тоғысатын, өзара әрекет ететін және ықпал ететін аймақтарын анықтау қажет. Бір жағынан, бұл «қате жіберу қаупі бар аймақтарды» белгілеуге және түркімен студенттерінің қазақ тілінде сөйлеуінде жиі кездесетін қателерді алдын алуға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, бұл оң трансфер әлеуетін барынша тиімді пайдалануға, яғни оқыту барысында екі тіл мен мәдениеттегі ұқсас немесе салыстырмалы құбылыстарға сүйенуге жағдай жасайды.

Грамматикалық минимумды қалыптастыру кезінде теріс интерференцияны болдырмау үшін екі тілдік жүйенің айырмашылықтарын ескеру қажет (*мысалы, қазақ тіліндегі кейбір дыбыстардың түркімен тілінде болмауы, жалғаулардың жалғануындағы ерекшеліктер, мәселен: қатаңға аяқталатын сөздерге ұяң немесе үндіден басталатын жалғауларды жалғау және ұяң мен үндіден басталатын жалғауларды өзара шатастыру(студентмін, бастықмын), және т.б.*

Транслингвалды әдіс тұрғысынан бұл қиындықтарды жеңу үшін тек жаттығулар санын арттыру жеткіліксіз. Түркімен студенттеріне өз қателерін тану, оларды түзету және алдын алу дағдыларын дамыту қажет. Мұндай дағдыларды қалыптастыру үшін жазбаша монологтық және диалогтық мәтін фрагменттеріндегі қателерді табуға бағытталған тапсырмаларды қолдануға болады (*мысалы: «Қателерді тауып, түзетіңіз...»; «Құрастырыңыз...»; «Толықтырыңыз»*), сондай-ақ транслингвалды оқу жағдаяттарын модельдеу арқылы жүзеге асыруға болады.

Мәселен: Сіз университеттің тіркеу кеңсесіне келдіңіз. Тіркеу бөліміндегі менеджер қыздан Түркіменстаннан келген жаңа студенттің сабақ кестесіне байланысты бірнәрсе сұрағысы келіп, түсіндіре алмай жатқанын байқадыңыз. Студент қазақ тілін мүлдем білмейді, ал менеджер қыз оны түсіне алмады. Сіз осы жағдайда түркімен студентке қалай көмек көрсетер едіңіз, Сұрақтарды дұрыс қойып, диалог жасаңыз.

Сондай-ақ, тілдік дұрыстықты бақылау және өзін-өзі түзету дағдыларын қалыптастыру үшін ойын түріндегі түрлі жаттығулар жасауға болады.

Түркімен студенттерін қазақ тіліне практикалық оқыту барысында маңызды аспект – бір тілдік кодтан екіншісіне жылдам, еркін және дұрыс ауысу дағдыларын қалыптастыру. Мұндай дағдыларды дамытуға көмектесетін жаттығулардың бірі:

Тапсырма: Қазақ тіліндегі сөйлемдерді түркімен тіліне аударыңыз, ал түркімен тіліндегі сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Мысалы:

- Сәлем, сенің мамандығың қандай?
 - *Hünärim IT inereneri.*
- Қай университетте оқисың?
 - *Men Satbayew uniwersitetinde okaýaryn.*
- *Haýsy programma dillerini bilýärsiñ?*
- Мен Python, Java және HTML үйреніп жүрмін.

Осындай кодаралық ауысу дағдыларын автоматтандыру үшін оқу фокусын формадан мазмұнға ауыстыруға көмектесетін қызықты мәтіндерді қолдану орынды.

Мысалы:

Университеттегі алғашқы күн.

Gülnabat – birinji ýyl talyby. Täze okuw ýylyna sabyrlyk bilen garaşýardy.

Университетке түскенде ол жаңа достар тапқысы келді.

Gülnabat hasaba alyş bölümine baryp, sapagyñ tertibini düşündirdi.

Gülnabat uniwersitetiñ uly we owadan ýerlerini görmek isledi. Täze okuw meýilnamasyny halady. Sapaklar gaty gyzykly boldy.

Гүлнабат топтастарымен танысып, бірге оқығысы келді. Uniwersitetde gowy bilim almagy arzuw edýär.

Оқу процесіне дыбыстық мәтіндерді, соның ішінде диалогтарды енгізу маңызды, мысалы: Даяшымен диалог құрыңыз.

-Қош келдіңіз! Қандай тағамға тапсырыс бересіз?

-Маған

-Сусыннан не аласыз?

.....

.....

.....

-Тәттіден не аласыз?

.....

- Жақсы 10-15 минутта тапсырысыңыз дайын болады.

Бұл айырмашылықтарды талдауға, сәйкестіктерді анықтауға, мәдени кодтар арасындағы спонтанды және дұрыс ауысуларға бағытталған жаттығу блоктарын қосу қажет.

Түркімен студенттеріне арналған қазақ тілі сабағында тек грамматика немесе тілдік құбылыстарды салыстыру ғана емес, сондай-ақ қазақ тілін лингвоелтанымдық және лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан үйрету өте тиімді. Бұл әдістер қазақ тілін үйрену процесін тек тілдік қабілеттерді дамыту емес, сонымен қатар мәдени және тарихи контексті терең түсінуге бағыттайды. Түркітілді халықтардың мәдениеті мен дәстүрлері ұқсас болғандықтан, студенттер қазақ тіліндегі мәдени терминдер мен ұғымдарды тез қабылдай алады. Ал лингвоелтанымдық әдіс арқылы студенттер қазақ тілінің тарихи дамуын, әдеби және тарихи тұлғаларын тереңірек түсінеді. Бұл әдістер студенттердің қазақ мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығын арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді.

Бұл жағдайда басымдық коммуникативтік өзара әрекеттесудегі мәдени ерекшеліктер мен ережелерге берілуі тиіс. Осыған байланысты қазақ тілі курсы аясында «Тілдер мен мәдениеттер тоғысы» атты арнайы бөлімді енгізу орынды. Бұл бөлімде осы дағдылар мен біліктерді қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жинақталуы тиіс.

Қорытындылай келе, біз мына нәрсені атап өткіміз келеді. Транслингвизм, шет тілдерін оқытудағы *транслингвалды тәсіл* саласындағы зерттеулер енді ғана басталып жатыр, бұл ұғымдардың мәні әлі толық анықталмаған, олардың лингводидактикалық маңыздылығы нақтылану үстінде. Алайда тәжірибе көрсеткендей, бұл тәсіл шет тілдік

білім беруді оңтайландыруда және қазіргі оқушының көптілді тұлғасын қалыптастыруда айтарлықтай әлеуетке ие екені белгілі болды.

Транслингвалды әдісті техникалық жоғары оқу орындарында қолдану түркімен студенттерінің қазақ тілін меңгеру процесін едәуір жеңілдететіні, сондай-ақ өз ана тіліне сүйене отырып, жаңа тілдік құрылымдарды тез әрі тиімді игеруге көмектесетіндігі анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ тілін оқытуда транслингвалды әдісті цифрлық технологиялармен үйлестіру – оқу үдерісін жандандырудың және студенттердің мотивациясын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

Болашақта бұл әдістің мүмкіндіктерін кеңейту үшін қазақ және түркімен тілдері арасындағы грамматикалық, фонетикалық және лексикалық ұқсастықтарды тереңірек зерттеу, қазақ тілін оқытуда цифрлық ресурстарды жетілдіру және оқыту әдістемесін түркітілдес студенттердің басқа топтарына бейімдеу маңызды.

КАУНАҚСА

1. Appadurai A. The production of locality // *Counterworks: Managing the diversity of knowledge*. 1995. Vol. 204. P. 225.
2. Vertovec S. Conceiving and researching transnationalism // *Ethnic and racial studies*. 1999. Vol. 22. № 2. P. 447-462.
3. Vertovec S. Super-diversity and its implications // *Ethnic and racial studies*. 2007. Vol. 30. № 6. P.1024-1054
4. Жаңа сөздердің шетелдік сөздігі. М.: EdWart, 2009. URL: <http://rus-yaz.niv.ru/> (дата: 05.02.2020).
5. Celic C. *Translanguaging: A CUNY-NYSIEB Guide for Educators* / C. Celic and K. Seltzer. New York: The City University of New York, 2011. 184 p.
6. Garcia O. Countering the dual: Transglossia, dynamic bilingualism and translanguaging in education // Rubdi, R., Alsagoff, L. (eds.) *The global - local interface and hybridity: Exploring language and identity*. Bristol, Buffalo and Toronto: Multilingual Matters, 2014. P. 100-118.
7. Chen X. *Translingual Practices in the First-year International Students' English: Academic Writing* // *ITJ*. 2017. Vol. 14. Iss. 1. PP. 25-50.
8. Pennycook A. *Global Englishes and transcultural flows*. London and New York: Routledge, 2007. 189 p
9. Тлостанова М.В. *Постсоветская литература и эстетика транскультурации. Жить никогда, писать ниоткуда*. М.: Едиториал УРСС, 2004. 416 с.
10. Canagarajah S. *Translingual Practice: Global Englishes and Cosmopolitan Relations*. London, New York: Routledge, 2013. 224 p.
11. Гузикова М.О. Трансъязычие как языковая политика университета: возможности и ограничения / М.О. Гузикова, Д.С. Петрова // *Полилингвизм и поликультурность в коммуникационно-образовательном пространстве университета в эпоху постграмотности: накопленный опыт и перспективы развития: Между-нар. науч.-практ. конф. (Екатеринбург, УрФУ, 16-17 ноября 2018 г.): сб. ст. / под науч. ред. М.Ю. Гудовой, М.О. Гузиковой, Е.В. Рубцовой; Урал. федер. ун-т. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2019. 298 с. С. 21-32.*
12. Халяпина Л.П. Плюрилингвальный и транслингвальный подходы как новые тенденции в теории интегрированного обучения иностранным языкам и профессиональным дисциплинам студентов технических вузов / Л.П. Халяпина, Е.В. Шостак // *Вестник ПНИПУ. Серия: Проблемы языкознания и педагогики*. 2019. № 2. С.122-130.